

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1430 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 маусымдағы N 651 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 48, 484-құжат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1430 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаның паспорты" деген 1-бөлімде:
ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген сөздер "Ақпарат министрлігі, Мәдениет министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қаржы полициясы агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қаржыландыру көздері" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржыландыру көздері Бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға арналған болжамды шығыстар 2288,966 млн. теңгені құрайды, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен - 1036,295 млн. теңге (2003 жылы - 564,0 млн. теңге, 2004 жылы - 472,295 млн. теңге), жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен - 1252,671 млн. теңге (2003 жылы - 597,66 млн. теңге, 2004 жылы - 655,011 млн. теңге)";

"Бағдарламаны ресурстық қамтамасыз ету" деген 6-бөлімде:
екінші абзацта: "2324,393", "1071,722", "507,722", "655,11" деген сандар
тиісінше "2288,966", "1036,295", "472,295", "655,011" деген сандармен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

"Орындалуына (іске асырылуына) жауаптылар" деген 4-бағанда:
реттік нөмірі 10-жолда "МАКМ" деген аббревиатура "Мәдениетмині" деген
аббревиатурамен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 19, 29, 30, 31-жолдарда "МАКМ" деген аббревиатура "Ақпаратмині" деген аббревиатурамен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 30, 33, 36, 43, 50, 51, 52, 60, 61, 68, 69, 70, 71, 77, 81, 85-
жолдарда "ҚПА" деген аббревиатура "ЭСЖҚА" деген аббревиатурамен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 75 - жолда :

2-бағандағы "бас прокурорлары үйлестіру кеңесінің," деген сөздерден кейін "
Салықтық тергеу органдары үйлестіру кеңесінің," деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

4-баған "ЭСЖҚА" деген аббревиатурамен толықтырылсын;
реттік нөмірі 76, 82-жолдарда 4-баған "ЭСЖҚА" деген аббревиатурамен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"Болжанып отырған шығыстар, (млн. теңге) 2004 жыл" деген 6-бағанда реттік
нөмірі 31-жолда "1,793" деген сандар алынып тасталсын;

"Болжанып отырған шығыстар (млн. теңге) 2004 жыл" деген 6-бағанда:
реттік нөмірі 55-жолда "20,0" деген сандар "20,649" деген сандармен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 56-жолда "20,0" деген сандар "19,415" деген сандармен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 57-жолда "40,0" деген сандар "23,655" деген сандармен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 58-жолда "400,0" деген сандар "327,0" деген сандармен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 60-жолда "25,0" деген сандар "80,647" деген сандармен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Барлығы" деген жолда "1162,733" деген сандар "1127,306" деген сандармен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"республикалық бюджет бойынша" деген жолда "507,722**" деген сандар "
472,295" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

Е с к е р т у д е :

"МАКМ - Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген жол

мынадай редакцияда жазылсын:
"Ақпаратмині - Ақпарат министрлігі
Мәдениетмині - Мәдениет министрлігі";
мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:
"ЭСЖҚА - Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас
жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК